

## **"Қаратау" акционерлік холдинг компаниясы туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 8 маусым 1994 ж. N 238-ө

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 2 мамырдағы тапсырмасын орындау үшін және "Қаратау" акционерлік холдинг компаниясы кәсіпорындарының жұмыс істеуін қамтамасыз етудің маңыздылығын ескеріп:

1. "Қаратау" акционерлік холдинг компаниясы "Планмарине" швейцар фирмасының қатысуымен ұсынған, осы компания кәсіпорындарының өнім беріп тұруы орнына табиғи газ алу схемасы мақұлданын.

"Қаратау" акционерлік холдинг компаниясының "Планмарине" фирмасы алдындағы міндеттемелерін орындау есебіне оған өз өнімін экспортқа шығару құқығы берілсін.

2. "Тұранбанк" Қазақ акционерлік банкі мәміленің қаржы шарттары сақталуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін және 1994 жылғы 10 маусымға қарай "Планмарине" фирмасына тиісті банк кепілдіктерін беретін болсын.

3. "Южказэнерго" энергетика және электрлендіру өндіріс бірлестігіне берме негіздегі газдан өндірілген электр қуатын Жамбыл ГРЭС-і мен электр желілері кәсіпорындарының нормативті шығындарына қарай, бұл газды беріп тұру графигіне сәйкес уағдаластық бағамен (АҚШ долларындағы бағамы бойынша) босатуына рұқсат етілсін.

4. "Алауаз" мемлекеттік холдинг компаниясы мен "Жетісуаз" мемлекеттік кәсіпорны Өзбекстаннан газды уағдаластық негізде қабылдауды, оны ең төменгі тариф бойынша тасымалдауға жұмсалған технологиялық ысырапты ескере отырып "Қаратау" акционерлік холдинг компаниясымен, "Жетісуаз" мемлекеттік кәсіпорнымен және Жамбыл ГРЭС-імен келісілген көлемде Жамбыл ГРЭС-і мен "Қаратау" акционерлік холдинг компаниясының кәсіпорындарына тасымалдауды және жеткізіп беруді қамтамасыз етсін.

5. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Мемлекеттік басқару органдары бөліміне жүктелсін.

Премьер-министр